

## **Мемлекеттік басқару органдары аппаратының санын және оны ұстауға жұмсалатын шығындарды қысқарту туралы**

### ***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1994 жылғы 3 тамыз N 874. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1995.11.02. N 1442 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы Президентінің "Мемлекеттік өкімет пен басқару органдарының құрылымын жетілдіру және оларды ұстауға жұмсалатын шығынды қысқарту туралы" 1994 жылдың 15 шілдесіндегі N 1795 Жарлығына сәйкес Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің жанындағы Балық шаруашылығы жөніндегі комитет таратылып, оның қызметі Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрлігіне берілсін.

(2-тармақ) <\*> .

Ескерту. 2-тармақтың күші жойылды. Қаз. Рес. Мин. Каб.  
қаулысы. 1994 ж. N 1078 N, 29 қыркүйек

3. 1994 жылдың 1 қыркүйегінен министрліктердің, мемлекеттік комитеттер және ведомстволардың орталық аппараттары қызметкерлерінің саны 1667 адамға , олардың республикалық бюджеттен қаржыландырылатын жергілікті органдары қызметкерлерінің саны 5568 адамға қысқартылсын.

4. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың, республикалық бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының орталық аппаратының шекті мөлшері, сондай-ақ министрлердің орынбасарларының, мемлекеттік комитеттер төрағаларының және ведомстволар басшыларының саны N 1-3 қосымшаларға сәйкес белгіленсін.

Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі жүргізіліп жатқан шараларға сәйкес министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ведомстволар бойынша еңбекке ақы төлеу қорын анықтасын.

5. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың және басқа да мемлекеттік өкімет пен басқару органдары орталық аппараты басшы қызметкерлерінің, мамандары мен қызметшілерінің сандық нормативтері N 4 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

6. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің және ведомстволардың орталық аппараты құрылымын Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті бекітетін болып белгіленсін.

Министрліктер, мемлекеттік комитеттер және ведомстволар Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне 2 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігімен келісілген орталық аппараттың құрылымын беретін болсын.

7. 1994 жылдың 1 қыркүйектен бастап министрліктердегі, мемлекеттік комитеттердегі, ведомстволардағы, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық әкімшіліктердегі, олардың дербес басқармалары мен бөлімдеріндегі ұстау шығындары республикалық, облыстық, Алматы және Ленинск қалалық бюджеттері қаржысы есебінен өтелетін қызметтік жеңіл автомобильдер саны 30 процентке қысқартылсын.

Облыстардың, Алматы және Ленинск қалаларының әкімдері мемлекеттік басқару органдарына қызмет көрсететін, ұстау шығындары жергілікті бюджет есебінен өтелетін жеңіл автомобильдер санының қысқартылуын қамтамасыз етсін.

8. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың орталық аппараты қызметкерлеріне қызмет көрсететін қызметтік жеңіл автомобильдер санының лимиті N 5 қосымшаға сәйкес белгіленсін.

Осы қаулыда қарастырылған шараларды жүргізу нәтижесінде босаған жеңіл автомобильдер белгіленген тәртіп бойынша аукциондар арқылы сатылсын.

9. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігіне Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен бірлесе отырып, қызметтік бір автомобильдің айлық бензин лимитін белгілеп, оны 1994 жылдың 1 қазанынан бастап қолдануға енгізу тапсырылсын.

10. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, мәслихат-жиналыстардың және әкімдердің келісімі бойынша 2 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне:

- басқару аппараты қызметкерлерінің саны мен еңбек ақы қоры;
- қызметтік жеңіл автомобильдер саны;
- қызметтік іссапарлар шығынының лимиттерін бекітуге беретін болсын.

11. Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың басшылары мен әкімдер:

мемлекеттік басқару органдары аппаратын қысқарту жөніндегі жұмысты Қазақстан Республикасының "Халықты жұмыспен қамту туралы" 1990 жылдың 15 желтоқсанындағы Заңына сәйкес босаған қызметкерлерге жеңілдіктер мен өтемақылар бере отырып, еңбек заңдарына қатаң сәйкестікте жүргізуге;

аппараттың штат кестелерін осы қаулының N 3 қосымшасында қарастырылған нормативтерді сақтай отырып, белгіленген сан және еңбек ақы төлеу қоры шегінде бекітуге;

басқару аппаратын ұстауға арналған мемлекет қаржысын жұмсауға қатаң үнемдеу тәртібін қамтамасыз етуге;

әкімшілік үйлері мен қызмет кабинеттерін әрлеу, жабдықтау және ішкі жиһаздау кезінде ысырапқорлыққа жол бермеуге;

делегациялар мен жеке адамдарды қабылдауға мемлекеттік қаржыны жұмсауды шектеуге, мұнда белгіленген нормаларды қатаң басшылыққа алуға міндеттелсін.

12. Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі мен оның мекемелеріне: министрліктердің, мемлекеттік, комитеттердің, ведомстволардың, мәслихат-жиналыстардың, әкімдердің және басқа да мемлекеттік басқару органдарының шоттарынан қаржы беру және басқа да банк операцияларын Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінде және жергілікті қаржы органдарында тіркелген шығыс сметаларын көрсеткенде ғана жасау;

еңбек ақыға, сыйақыға және материалдық көмекке, қызметтік іссапарға қаржыны еңбек ақы қоры мен қызметтік іссапар лимиті болғанда ғана беру;

мемлекеттік басқару органдарының ағымдағы шотынан делегациялар мен жеке адамдарды қабылдауға қаржы жұмсауды республиканың Қаржы министрлігінде және жергілікті қаржы органдарында тіркелген осы мақсатқа арналған шығындар сметасына сәйкес жүргізу ұсынылсын.

13. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне, Еңбек министрлігіне және Экономика министрлігіне мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, 1994 жылдың 1 қазанына дейін мемлекеттік өкімет, прокуратура, құқық қорғау және сот органдары қызметкерлерінің құрылымы, еңбекке ақы төлеу шарттары және қызметтік жеңіл автомобильдер санының лимиті туралы қаулылардың жобаларын қарап, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне ұсыну тапсырылсын.

14. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі 1994 жылдың 1 қазанына дейінгі мерзімде республиканың министрліктерінде, мемлекеттік комитеттерінде және ведомстволарында қалыптасқан жүйені зерттеп, Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне республика экономикасын тұрақтандыруға және нарықтық қатынастарды тереңдетуге қажетті жағдай жасайтындай экономиканы басқарудың жаңа жүйесін ұсынатын болсын.

15. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі, Мемлекеттік қаржы бақылау комитеті және олардың жергілікті органдары:

министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің, ведомстволардың, әкімдердің және оларға қарасты органдардың, мекемелер мен ұйымдардың басқару аппаратын ұстауға арналған қаржыны жұмсауда қаржы және касса тәртібінің сақталуы мен қатаң үнемдеу режимі болуына бақылауды күшейтсін;

мемлекет қаржысын заңсыз шығындау фактілері анықталған жағдайда оларды толық жойып, тиісті лауазымды адамдарды жауапқа тартатын болсын.

16. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі мүдделі министрліктермен және ведомстволармен бірлесе отырып, Республика Үкіметі бұрын қабылдаған шешімдерді қазіргі қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру туралы ұсыныстарын 3 ай мерзім ішінде Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетіне беретін болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 3 тамыздағы

N 874 қаулысына

N 1 қосымша

Қазақстан Республикасы министрліктері, мемлекеттік комитеттері және ведомстволары орталық аппаратының шекті саны

|                                                                    |   |           |
|--------------------------------------------------------------------|---|-----------|
| Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың атауы | ! | Адам саны |
|--------------------------------------------------------------------|---|-----------|

|                                  |     |     |
|----------------------------------|-----|-----|
| Геологиямині                     | 68  |     |
| Денсаулықмині                    | 135 |     |
| Сыртқыісмині                     | 333 |     |
| Мәдениетмині                     | 58  |     |
| Ғылыммині                        | 76  |     |
| Қорғанысмині                     | 526 |     |
| Біліммині                        | 161 |     |
| Баспасөзмині                     | 81  |     |
| Өнеркәсіп және сауда министрлігі |     | 305 |

<\*>

|                                           |     |
|-------------------------------------------|-----|
| Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі | 82  |
| Көлік және коммуникациялар министрлігі    | 271 |
| Ауылшармині                               | 277 |
| Әлеуметмині                               | 98  |
| Еңбекмині                                 | 122 |

|                                                                                                                                                           |     |     |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-----|-----|
| Құрылысмині                                                                                                                                               | 165 |     |
| Қаржымині                                                                                                                                                 | 752 |     |
| Экономмині                                                                                                                                                | 328 |     |
| Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі                                                                                                              |     | 65  |
| Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі                                                                                                                     |     | 72  |
| Экобиоресурсмині                                                                                                                                          | 187 |     |
| Әділетмині                                                                                                                                                | 136 |     |
| Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет                                                                                          | 110 |     |
| Мемжерком                                                                                                                                                 | 58  |     |
| Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитет                                                       |     | 67  |
| Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитет |     | 51  |
| Мемстаткомы                                                                                                                                               | 167 |     |
| Меммүліккомы                                                                                                                                              | 94  |     |
| Тіл жөніндегі комитет                                                                                                                                     | 51  |     |
| Мемқаржыбақылаукомы                                                                                                                                       |     | 170 |
| Қазбасархив                                                                                                                                               | 24  |     |
| Мемматрезервкомы                                                                                                                                          | 54  |     |
| Қазгидромет                                                                                                                                               | 41  |     |
| Қазкомстандар                                                                                                                                             | 51  |     |
| Қазгеодезия                                                                                                                                               | 31  |     |
| Атом энергиясы жөніндегі агенттік                                                                                                                         |     | 30  |
| Ұлттық патент ведомствосы                                                                                                                                 |     | 30  |
| Ұлттық аэроғарыш агенттігі                                                                                                                                |     | 55  |
| ЖАК                                                                                                                                                       | 30  |     |

-----  
Ескерту. 1 қосымшаға өзгеріс енгізілген - ҚРМК-нің  
22.12.1994 ж. N 1445 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 3 тамыздағы  
N 874 қаулысына  
N 2 қосымша

<\*>

Ескерту. Қазақстан Республикасының Баға және монополияға

қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитетінің  
аумақтық органдарының шекті саны 472 бірлікке  
көбейтілсін - ҚРМК-нің 07.02.1995 ж. N 122  
қаулысына сәйкес.

Республикалық бюджеттен қаржыландырылатын  
жергілікті мемлекеттік басқару органдары  
қызметкерлерінің шекті саны

-----  
Жергілікті мемлекеттік басқару органдарының ! Адам саны  
атаулары !  
-----

Қазақстан Республикасы Қаржыминісінің қаржы, салық  
және кеден органдары - барлығы 27107

оның ішінде:

|                                                                                                                               |       |
|-------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|-------|
| қаржы органдары                                                                                                               | 5904  |
| салық инспекциялары                                                                                                           | 10970 |
| кеден органдары                                                                                                               | 7013  |
| қазынашылық                                                                                                                   | 3220  |
| Қазақстан Республикасы Мемқаржыбақылаукомының<br>аумақтық органдары                                                           | 2805  |
| Қазақстан Республикасы Мемстаткомының<br>статистика және талдау жөніндегі басқармасы                                          | 752   |
| Қазақстан Республикасы Баспасөзминісінің<br>баспасөз бостандығын қорғау жөніндегі облыстық инспекциялары                      | 47    |
| Қазақстан Республикасы Меммүліккомының<br>аумақтық органдары                                                                  | 890   |
| Қазақстан Республикасы Мемжеркомының<br>аумақтық органдары                                                                    | 626   |
| Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің<br>жанындағы кен-техникалық қадағалау комитетінің<br>басқармалары мен округтері | 661   |
| Қазақстан Республикасы Мемстандартының<br>облыстық орталықтары                                                                | 306   |
| Қазақстан Республикасы Әділетминісінің облыстық,<br>қалалық басқармалары                                                      | 645   |
| Қазақстан Республикасы Экобиоресурсминісінің<br>Экология және жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі                             |       |

|                                                      |      |
|------------------------------------------------------|------|
| органдары                                            | 1822 |
| Қазақстан Республикасы Еңбекминінің еңбекті          |      |
| қорғау жөніндегі инспекциялары                       | 353  |
| Қазақстан Республикасының монополияға қарсы облыстық |      |
| комитеттері                                          | 200  |

---

## Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 3 тамыздағы  
N 874 қаулысына  
N 3 қосымша

Қазақстан Республикасы министрлері, мемлекеттік  
комитеттері төрағалары мен ведомстволары басшылары  
орынбасарларының шекті саны

---

|                                              |             |
|----------------------------------------------|-------------|
| Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен | ! Адам саны |
| ведомстволардың атауы                        | !           |

---

|                                  |   |   |
|----------------------------------|---|---|
| Геологиямині                     | 2 |   |
| Денсаулықмині                    | 3 |   |
| Сыртқыісмині                     | 4 |   |
| Мәдениетмині                     | 2 |   |
| Ғылыммині                        | 2 |   |
| Қорғанысмині                     | 5 |   |
| Біліммині                        | 4 |   |
| Баспасөзмині                     | 2 |   |
| Өнеркәсіп және сауда министрлігі |   | 5 |

<\*>

|                                                                                                                                                            |   |  |
|------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|---|--|
| Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі                                                                                                                  | 2 |  |
| Көлік және коммуникациялар министрлігі                                                                                                                     | 5 |  |
| Ауылшармині                                                                                                                                                | 4 |  |
| Әлеуметмині                                                                                                                                                | 3 |  |
| Еңбекмині                                                                                                                                                  | 3 |  |
| Құрылысмині                                                                                                                                                | 3 |  |
| Қаржымині                                                                                                                                                  | 8 |  |
| Экономмині                                                                                                                                                 | 5 |  |
| Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі                                                                                                               | 3 |  |
| Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі                                                                                                                      | 4 |  |
| Экобиоресурсмині                                                                                                                                           | 3 |  |
| Әділет министрлігі                                                                                                                                         | 3 |  |
| Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет                                                                                           | 3 |  |
| Мемжерком                                                                                                                                                  | 1 |  |
| Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитет                                                        | 1 |  |
| Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі мемлекеттік комитеті | 1 |  |
| Мемстаткомы                                                                                                                                                | 3 |  |
| Меммүліккомы                                                                                                                                               | 3 |  |
| Тіл жөніндегі комитет                                                                                                                                      | 1 |  |
| Мемқаржыбақылаукомы                                                                                                                                        | 4 |  |
| Қазбасархив                                                                                                                                                | 1 |  |
| Мемматрезервком                                                                                                                                            | 1 |  |
| Қазгидромет                                                                                                                                                | 1 |  |
| Қазкомстандарт                                                                                                                                             | 1 |  |
| Қазгеодезия                                                                                                                                                | 1 |  |
| Атом энергиясы жөніндегі агенттік                                                                                                                          | 1 |  |
| Ұлттық патент ведомствосы                                                                                                                                  | 1 |  |
| Ұлттық аэроғарыш агенттігі                                                                                                                                 | 1 |  |
| ЖАК                                                                                                                                                        | 1 |  |

Ескерту. 3 қосымшаға өзгерістер енгізілген - ҚРМК-нің

22.12.1994 ж. N 1445 қаулысымен.

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1994 жылғы 3 тамыздағы

N 874 қаулысына

N 4 Қосымша

Министрліктердің, мемлекеттік комитеттердің,

ведомстволардың және басқа мемлекеттік өкімет пен  
басқару органдары орталық аппаратының басшы  
қызметкерлері, мамандары мен қызметкерлері санының  
Нормативтері

---

Қызметкерлердің жекелеген  
санаттарының қатынастары

---

1. Құрылымдық бөлімдер адам саны төмендегідей болғанда  
/бөлім бастықтарын қоса есептегенде/ құрылады

|                 |                                      |
|-----------------|--------------------------------------|
| секторлар       | адам саны 3-тен кем болмаса          |
| бөлімдер        | адам саны 4-тен кем болмаса          |
| басқармалар     | адам саны 10-нан кем болмаса         |
| бас басқармалар | қызметкерлер саны 20-дан кем болмаса |

II. Құрылымдық бөлімдер басшыларының орынбасарлары  
лауазымы мынадай жағдайда енгізіледі:

|                                            |                                                                                                                                                                      |
|--------------------------------------------|----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|
| бөлім бастығының орынбасары                | бөлімде кемінде /бастықты қоса<br>есептегенде/ 7 адам болса                                                                                                          |
| Басқармалар бастықтарының<br>орынбасарлары | басқармаларда кемінде /бастықты<br>қоса есептегенде/ 10 адам болса;<br>басқармалар бастықтары орынбасарларының<br>қосымша лауазымы - одан кейінгі<br>әрбір 10 адамға |

Қазақстан Республикасы

министрлер Кабинетінің  
1994 жылғы 3 тамыздағы  
Т 874 Қаулысына  
N 5 қосымша

Қазақстан Республикасы министрліктері, мемлекеттік

комитеттері мен ведомстволары орталық аппараты  
қызметкерлеріне қызмет көрсетуге арналған қызметтік

жеңіл автомобильдер  
ЛИМИТІ

| Министрліктердің, мемлекеттік комитеттер мен ведомстволардың атаулары                                                                         | Автомобильдер саны |
|-----------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------------|--------------------|
| -----                                                                                                                                         |                    |
| Геологиямині                                                                                                                                  | 3                  |
| Денсаулықмині                                                                                                                                 | 4                  |
| Сыртқыісмині                                                                                                                                  | 5                  |
| Мәдениетмині                                                                                                                                  | 3                  |
| Ғылыммині                                                                                                                                     | 3                  |
| Қорғанысмині                                                                                                                                  | 4                  |
| Біліммині                                                                                                                                     | 5                  |
| Баспасөзмині                                                                                                                                  | 3                  |
| Өнеркәсіп және сауда министрлігі                                                                                                              | 6                  |
| <*>                                                                                                                                           |                    |
| Жастар ісі, туризм және спорт министрлігі                                                                                                     | 3                  |
| Көлік және коммуникациялар министрлігі                                                                                                        | 7                  |
| Ауылшармині                                                                                                                                   | 5                  |
| Әлеуметмині                                                                                                                                   | 4                  |
| Еңбекмині                                                                                                                                     | 4                  |
| Құрылысмині                                                                                                                                   | 4                  |
| Қаржымині                                                                                                                                     | 25                 |
| Экономмині                                                                                                                                    | 6                  |
| Энергетика және көмір өнеркәсібі министрлігі                                                                                                  | 4                  |
| Мұнай және газ өнеркәсібі министрлігі                                                                                                         | 4                  |
| Экобиоресурсмині                                                                                                                              | 4                  |
| Әділетмині                                                                                                                                    | 4                  |
| Баға және монополияға қарсы саясат жөніндегі мемлекеттік комитет                                                                              | 4                  |
| Мемжерком                                                                                                                                     | 2                  |
| Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы су ресурстары жөніндегі мемлекеттік комитет                                           | 2                  |
| Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің жанындағы өнеркәсіпте жұмысты қауіпсіз жүргізуді қадағалау және кен қадағалау жөніндегі комитет | 2                  |

|                                   |   |   |
|-----------------------------------|---|---|
| Мемстатком                        | 4 |   |
| Меммүліккомы                      | 4 |   |
| Тіл жөніндегі комитет             | 2 |   |
| Мемқаржыбақылаукомы               |   | 5 |
| Қазбасархив                       | 2 |   |
| Мемматрезервком                   |   | 2 |
| Қазгидромет                       | 2 |   |
| Қазкомстандарт                    | 2 |   |
| Қазгеодезия                       | 2 |   |
| Атом энергиясы жөніндегі агенттік |   | 2 |
| Ұлттық патент ведомствосы         |   | 2 |
| Ұлттық аэроғарыш агенттігі        |   | 2 |
| ЖАК                               | 2 |   |

Ескерту. N 5 қосымшадағы "5" цифры "6" цифрымен алмастырылды  
- ҚРМК-нің 10.02.1995 ж. N 143 қаулысымен.